

**М.Ө. Насимов** Қызылорда «Болашак» университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.  
e-mail: nasimov\_m@mail.ru

## ЖАҒЫМПАЗДЫҚ ҒЫЛЫМ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ: ӘДЕБИ ШОЛУ

Жағымпаздық – зерттелуі өте күрделі түсінік. Өйткені жағымпаздық туралы синонимдес ұғымдар көп және оның негізінде алаяқтық, айлакерлік, бағыныштылық пен табынушылық, сөз тасушылық, жалақорлық, өсекшілік пен бопсалаушылық та болуы мүмкін. Сонымен қатар жағымпаздық түсінігінің өзекті мәселелері мен ерекшеліктері саяси ғылымдарда толық зерттеліп болған жоқ. Қоғамда жағымпаздық бар және оны қаншама сынасақ та арыла алмай отырмыз. Осы себептерге байланысты жағымпаздық туралы айтылатын тұжырымдар өте көп. Сондықтан жағымпаздықты ғылым нысаны ретінде қарастыру және әдеби шолу маңызды деп ойлаймыз. Бұл мақаланың мақсаты – жағымпаздық түсінігін ғылыми зерттеулер нәтижелері негізінде жүйелеу. Мақсатқа жету үшін ағылшын тіліндегі «sycophancy» және «adulation» түсініктері бойынша ғылыми жарияланымдарға назар аударылды. Бұл түсініктер жағымпаздықтың табиғатын айқындауға септігін тигізе білді. Басты міндетті шешу үшін «Скопус» базасында индекстелген мақалаларға контент-талдау жүргіздік. Мәселені анықтау үшін 17 әдебиетке ерекше мән бердік. Байқағанымыз, жағымпаздық туралы қарастырылып жатқан тақырыптар өте көп. Мұны зерттеу барысында қолданылған салыстырмалы, тарихи, құрылымдық-функционалды және институционалды тәсілдердің әдістері арқылы анықтадық. Біз бұл тақырыптарды қоғам өміріндегі маңызды мәселерді шешетін зерттеулер деп ойлаймыз.

**Түйін сөздер:** жағымпаздық, жағымпаздықтың синонимдес ұғымдары, табынушылық, мәдениет, билік, сыбайлас жемқорлық.

M.O. Nassimov

Kyzylorda University Bolashak, Kazakhstan, Kyzylorda  
e-mail: nasimov\_m@mail.ru

### Sycophancy as an object of science: a literature review

Sycophancy a rather complex concept. The study of sycophancy is very difficult. Because there are many synonymous concepts of sycophancy that can be based on fraud, deception, subordination and worship, loneliness, defamation, gossip and extortion. At the same time, in political science, actual problems and features of the concept of sycophancy have not been fully studied. There is sycophancy in society and no matter how we consider it insignificant, we cannot get rid of it. For these reasons, there are many statements that speak of sycophancy. Therefore, we think it is important to view sycophancy as an object of science and its literature review. The purpose of this article is to systematize the results of scientific research on the concept of sycophancy. To achieve this purpose, attention was paid to scientific publications on the concepts of «sycophancy» and «adulation» in English. These concepts helped clarify the nature of sycophancy. To solve the main problem, we conducted a content analysis of articles indexed in the Scopus database. To identify the problem, we paid special attention to 17 publications. We have noticed that there are a lot of research topics about sycophancy. We determined this using the methods of comparative, historical, structural-functional and institutional approaches used in the study. We think that these topics are studies that solve important problems in the life of society.

**Key words:** sycophancy, synonymous concepts of sycophancy, worship, culture, power, corruption.

M.O. Насимов

Қызылординский университет «Болашак», Казахстан, г. Кызылорда  
e-mail: nasimov\_m@mail.ru

### Подхалимство как объект науки: литературный обзор

Подхалимство – довольно сложное понятие, потому что существует много синонимичных понятий подхалимства, которые могут быть основаны на мошенничестве, обмане, подчинении и поклонении, доносичестве, клевете, сплетнях и вымогательстве. В то же время в политической науке актуальные проблемы и особенности понятия подхалимства до конца не изучены.

В обществе существует фаворитизм, и мы не можем избавиться от него, как бы мы ни старались. По этой же причине существует много утверждений о лести. Поэтому мы считаем важным рассматривать лесть как форму науки посредством обзора литературы. Цель данной статьи – систематизировать результаты научных исследований понятия подхалимства. Для достижения этой цели внимание было уделено научным публикациям по понятиям «sycophancy» и «adulation» на английском языке. Эти понятия помогли прояснить природу подхалимства. Для выявления проблемы было уделено особое внимание 17 публикациям. Согласно результатам поиска, исследуемых тем о подхалимстве очень много. Авторами во время изучения данной темы были использованы методы сравнительного, исторического, структурно-функционального и институционального подходов. По мнению авторов статьи, подобные темы являются актуальными в жизни современного общества.

**Ключевые слова:** подхалимство, синонимичные понятия подхалимства, поклонение, культура, власть, коррупция.

## Кіріспе

Жағымпаздық түсінігі зерттелу жағынан өте күрделі ұғым. Оның негізінде алаяқтық, айлакерлік, бағыныштылық пен табынушылық, сөз тасушылық, жалақорлық, өсекшілік пен бопсалаушылық та болуы ықтимал. Сондықтан бұл түсініктерді сининимдес ұғымдар ретінде пайдалануға да болатын секілді.

Жалпы бұл мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі әлеуметтік желідегі жазбадан кейін пайда болды. Жазбада желі қолданушылары да өз пікірлерін білдірді: «Жағымпаздарды қоғамнан аластату жолдары табылса, демократияға тезірек жетер едік». «Жағымпаздық – өзін-өзі сақтау мен пайда табу әдістерінің бірі». «Біздің жағдайда, бұл ұлттық менталитеттің бір бөлігі. Бағыныштылар мен төмендегілерге қатысты басшылық пен тирания алдындағы құлдық». «... көбінесе өмір әлсіздерді өзін-өзі осылай ұстауға мәжбүр етеді. Бүгінде көптеген адамдар жұмысынан айырылып қалудан қорқады. Көптеген адамдарда өмір сүрудің бұдан басқа құралдары жоқ. ... Бұл жай, бақытсыз және әлсіз адамдар». «... психологиялық тұрғыдан, әсіресе жоғары басшылар мен танымал адамдарға жағымпаздық пен мадақ, бұл оларға әлеуметтік әсер етудің манипуляциялық тәсілдері. Сондықтан олар үнемі жағымпаздыққа мұқтаж болып, осы әсерлерге тәуелді бола бастайды. Бұл тетік танымал ойынға тәуелділікке ұқсайды және оның нысанына айналған адам күнделікті ләззат пен даңқтың бір бөлігін қажет ете бастайды. Зерттеулер бар, әсіресе, әлеуметтік және саяси психология мен тұлғааралық қарым-қатынас психологиясының бөлігі ретіндегі манипуляция жасауды зерттеуде кеңінен қарастырылады». «Адам өзінің тікелей қаты-

суымен билікті мезгіл сайын өзгертіп отыратын кезде ғана табандылықты сақтайды. Егер биліктің өзгеру процесіне әсер ету құралдары болмаса, оларға қарсы тұрудан гөрі жағдайларға бейімделу оңайырақ». Сонымен қатар, «Рухани жағымпаздық» мәселесін қарастыру бойынша да ұсыныс түсті.

Әдеби жанр болып табылатын эссені қадағалау арқылы тәжірибеден ақиқатқа өтуді талдаған еңбекте G.D. Atkins (2005) шығармашылық жұмыстың бұл түрі талдауға ынталанып, мәселенің мағынасын береді, содан кейін ол мұқият өлшенеді. Оның пікірінше, бұл бұқаралық ақпарат құралдары жасаған, шиеленістен туындайтын және оны қамтитын жаратылыс. Эссе тәжірибе мен мағына, әдебиет пен философия, процесс пен өнім, пішін мен пішінсіздік арасында болады. Автордың пікірінше, эссе ұсақтүйекке негізделген руханилық пен ашықтықты жылжыту арқылы белгілі бір «жағымпаздықты» көрсетеді.

Ислам, индуизм, конфуцийшілдік және православие секілді Батыстық емес мәдениеттер мен халықтар жүйелі түрде басылды, отарланды және екі ғасырдан астам уақыт бойы өркениеттердің империалистік қақтығысы шарттарында Батыс идеологиясының және экономикасының үстемдігінде болды. Сондықтан көптеген ұлтшылдықты ұстанатын қозғалыстар халықаралық дамудың күн тәртібіне күмәнмен қарайды және Батыстың саяси және мәдени талаптарына бағыну мен жағымпаздандудан бас тартады [Islam, 2021]. Демек, өзге өркениет құндылықтарын қабылдамау факторларына жағымпаздықты ұлтшылдық арқылы тоқтату мәселесінде қарастыруға болатын секілді. Мұндай ұстаным қалыптаспаған жағдайда адам манипуляция мен бағынудың нысанына айналуы мүмкін.

Е.-J. Lee (2021: 170-182) пайымдауынша, халықаралық қауымдастық арасында адам құқықтарының бұзылуы үшін сынға алынған режимдердің көпшілігі бір сәтте мәдени релятивизмнің жақтастарына айналды. Мұндай режимдер үшін адам құқықтарының әмбебаптығын бекіту – батыстық центризмге табыну немесе жағымпаздық әрекеті деп түсіндіреді.

Жағымпаздық астарында қулық та болуы мүмкін. Әсіресе, бұл қазіргі цифрлық эра дамыған тұста өте маңызды (Elliott & Northfield, 2015). Жалпы қоғамның саяси және мәдени сауаттылығы баяғыдан маңызды. Бұл саяси және мәдени білімнің адам бойында қалыптасқан түсініктердің деңгейін танытады. Зимбабвелық жазушы Ченджерраи Хоув бір сөзінде мынадай пікір білдіреді: «Жалпы бірпартиялы мемлекеттің өмір сүруі өзінің мақтаушыларына, билеушінің әрекеттеріне табынушылар мен жағымпаздар тобына байланысты» (Hove, 1991). Тамыр-таныстық, каббализм, ағайынға бұрушылық пен жағымпаздық, оның ішінде жүйелер, институттар мен құрылымдардың жеткіліксіз өзара әрекеті елдің артта қалуына, бүкіл салалардың дамуына кері әсер етіп, халықтың әл-ауқатына нұқсан келтіреді (Ndaguba et al., 2018). Ғылыми әдебиеттерде адалдыққа берілгендікті жақтау, нөкершілдікке бейімделген жағымпаздық пен жеке менмендікті жоққа шығаратын әдеби еңбектер де жетерлік (Danner, 2010; Bridgen, 2017). D.F. Tangem (2018) әлеуметтік семиотиканы теориялық парадигма ретінде қолданып, өз зерттеуінде В. Шойинка (нигериялық драматург, жазушы, ақын – Автор) және Бутаке билерінің драмалық дискурстарында отарлаудан кейінгі деспотиялық саяси көшбасшылықты жеткізетіндігін айқындайды. Бұл іс жүзінде өзін-өзі дәріптеу, сыбайлас жемқорлық, жоғарыларға табыну, жағымпаздық пен әлеуметтік алауыздықтың үстемдікке етуіне әкелді. Сондықтан әлемдік көшбасшылар жағымпаздық пен екіжүзділікті артта қалдырып, мемлекеттің даму парадигмасына өзгеріс енгізу үшін негізгі мәселелерді темір тәртіппен шешуі керек (Jha, 2018).

Аталмыш мәселе ежелгі гректерде қалыптасқан. Мұның алғы-шарттарын Гомер, Эсхил мен Платонның еңбектерінен көруге болады. Софокл үнгір құрылысын бастаған Филоктетті ку жабайы жануармен салыстырған. «Илиадада» Долон киген бас киімнің терісі арамдық пен қулықтың белгісі іспеттес (Kitchell, 2017: 183-203) деген де ойлар бар.

Соңғы жылдары Ежелгі Грекияда, атап айтқанда Афиныда қылмыс жасағаны үшін қылмыстық қудалау аспектілері бойынша ғылыми зерттеулердің өсуі байқалады. Осындай зерттеулердің бірінде кісі өлтіру, ерлі-зайыптылардың опасыздығы, ұрлықпен қатар, сөз тасушылық пен менмендікті қылмыс түріне жатқызған (Cohen, 2005: 211-235). Афиналықтардың Аристотель Конституциясында жағымпаздыққа қарсылық туралы деректерде бар. Мәселен, M.R. Christ (1992) Афины Ассамблеясының кезекті жиналысында осы мәселенің талқыланғандығын дәйектеуге тырысады. Оның пікірінше, бұл Отыздық режиміндегі «жағымпаздықтан» қорғану үшін жасалған қадамдар болуы мүмкін. Сонымен қатар, демократияны қалпына келтірудің алғашқы жылдарында жүзеге асырылған шаралармен байланыстылығын айқындайды.

C. Connors (2004) зерттеуінде қолданылған «Monkey business» идиомасы да мәселемізге арқау бола алады. Автор антикалық шығармалардағы маймылдар және олардың еліктеуі, шынайы бейнесі мен жеке басының сипаттамаларына назар аударады. Мәселені «Ақымақ болып көріну» контекстінде қарастырсақ, бұл түсінік ежелгі гректерде ақсүйектер мен беделді болу дегенді айқындайды. Ең қызығы классикалық афиналықтар нағыз афиналық болу дегеннің не екенін түсіну үшін маймылдарды қолданады: «Monkey business – Ақымақ болып көріну» – бұл демократиялық мәдениетке қауіп төндіруші мінез-құлықтың көрсеткіші болып табылатын жағымпаздық пен адамдарды басқа алдаудың түрі. Демек, жағымпаздықта алдаудың да белгілері бар.

Ежелгі Римде сөз тасушылық арқылы ақпарат беретін делаториерлер қызметі болған. O.F. Robinson (2008: 206-220) шығу тегі төмен болып табылатын делаториерлер тирандарды негізсіз айыптаулармен қорқытып, жағымпаздыққа жаны қас құрметті азаматтарға қауіп төндіріп, кез келген ақпаратты хабарлағаны үшін үлкен сыйақы алып көтерілген және оларға жалақорлық пен ашкөздік тән деп ойлайды. Сондықтан олар тек ақпарат берушілер ғана емес, айыптаушылар болып табылады.

Қарап отырсақ, мәселе бойынша айтылатын тұжырымдар өте көп. Жоғарыда аталған себептерге байланысты, жағымпаздық табиғатын айқындауға ұмтылған шетелдік әдебиеттерге шолу жасауды жөн көрдік. Ол үшін «Скопус» базасында индекстелген мақалаларға мән бергенді жөн санадық.

### Материалдар және әдістер

Бұл мақаланың мақсатына жағымпаздық түсінігін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жүйелеу жатады. Шолу үшін ғылыми жарияланымдарды таңдау келесі кілт сөздермен байланысты болды: *sycorhancy* және *adulation*. «Flattery» ұғымы бойынша ізденіс келесі зерттеу тақырыптарында қарастырылатын болды. Мақалаларды іздеу және тақырыпқа сай сәйкестендіру Скопус базасындағы индекстелген мақалаларға негізделді. Нәтижесінде 17 әдебиетке ерекше назар аударылды. Ғылыми басылымдарды талдау мен жіктеу логикасы жағымпаздық мәселелеріне арналған зерттеулердің негізгі бағыттарын бөлуді болжады. Мәселені зерттеу барысында салыстырмалы, тарихи, құрылымдық-функционалды және институционалды тәсілдердің әдістері маңызды орын алады.

### Нәтижелері және талқылама

#### *Sycorhancy* ұғымындағы түсініктер

Жалпы базадан *Sycorhancy* кілт сөзі арқылы 42 әдебиет табылды. Бұл ұғымды да қазақ тілінде көп мағынада қарастыруға болады: сөз тасушы, жалақор, өсекші және бопсалаушы. Зерттеу нысанына сәйкес 12 әдебиетке ерекше мән берілді. Басқару теориясы мен жүйелері арқылы талданған сол заманғы әлеуметтік мәселелерде алғаш рет 1982 жыл айтылады. V.H. Vrix (1982) қызғаныш пен жағымпаздық секілді адамның «кемшіліктерін» жүйелік немесе ситуациялық құбылыс ретінде қарастырады. Автор биліктегі үздіксіз жылжулар кім төмен және кім жоғары жағына ығысып, бақылаушы элитаның бюрократиямен үйлесімділігіне тәуелділікті ескереді. Өнеркәсіптік және саяси қақтығыстар осы тәуелділік көлемінде пайда болатын сияқты.

W.R. Cornish (1992) қаралау мен жағымпаздықты жарнамадағы салыстырмалықты талдау барысында бәсекелестер салыстыруға жиі шақырылып және оған өздері қатысатындығын баяндайды. Тек ерекше жағдайларда, жағымпаздық салыстырмалы бәсекелестің нақты қасиеттері туралы айтады және ол ақпараттың жалғандығын анықтайды.

M. Mutonya (2004) мадақтау мен наразылықты қарастыру барысында музыканың партиялық сипаты мен оның түрлі мүдделерге байланысты ықпалын зерттейді. Оның пікірінше, музыка саласы өкілдерінің екіұшты кеңістігі саяси контекстке ерекше назар аударады. Бұл биліктің қоғамдық кеңістікті патриотизмнің

өзіндік нұсқасымен құру жолдары мен оны сіндірудің әдісі ретінде сипатталады. Алайда, экономикалық және саяси контексте өнер туындыларының авторлары экономикалық табыс табумен қатар, жағымпаздықтың мысалы да бар деген пікір де көрсетілген. Шығармаларында жағымпаздықтың белгісі бар деп сынға ұшырағандар да кездеседі (Klein, 2010). Мұндай сынды байыппен қабылдау қиынға соғары анық. Өйткені, әр шығармашылық туындының шынайылығы мен жеке түрткілерінің тазалығын дәлелдеу қиынға соғады.

S. Sesanti (2010) пікірінше, билікке жағымпаздық пен бағыныштылық африкалық мәдениеттің жалған нұсқасы үшін отарлаудан кейінгі билікқұмар диктаторлар қолданды. Олар африкалық мәдениетті өзіншілдік мақсатында бұрмалап, билікке орнығуға тырысқан. Дегенмен, билікке жағымпаздық мансаптық өсуге ықпал еткенімен, өзін-өзі бақылаудың тетіктерін азайтып, адамгершіліктен қол үзген әрекеттерді тудыруы әбден мүмкін. Оларды адал, иманды, тәртіпті азамат ретінде көру қиындық туғызады және оларға кез келген жерде сатып алуға болатын тауар ретінде қарауға болады.

Бұл ұғымды талдауда оқытушылар мен студенттер арасындағы байланыстар бойынша зерттеулер көп кездеседі (Goodboy & Martin, 2014; Myers, 2017). Студенттердің оқытушылармен қарым-қатынас себептерін зерттеуді мақсат еткен ғылыми жұмыста олардан неліктен өздерінің нұсқаушыларымен сөйлесетіндері сұралған. Факторлық талдау нәтижелері студенттердің оқытушылармен қарым-қатынасының бес негізгі себепін анықтаған: қарым-қатынас, функционалдылық, ақтау, қатысу және жағымпаздық. Тұлғааралық қарым-қатынастың барлық себептеріне байланысты оқытушыларымен жиі араласатын студенттер өздерінің оқытушыларымен қарым-қатынас жасау және қатысу үшін көбірек сөйлесуге бейім, ал аз дәрежеде ақтау мен жағымпаздыққа бейімделген. Ал өз кезегінде, қарым-қатынасты бақылауға сүйенген студенттер әдетте, көп сөйлесіп, жағымпаздықтың себептері белгілі болған (Martin, Myers & Mottet, 1999).

Өзін-өзі ашу шкаласы және осы шкаланың сенімділігі мен жарамдылығы туралы зерттеу де қызығушылық туғызып отыр. Оның ішінде нұсқаушылардың өзін-өзі ашу шкаласы нәтижені анықтау дәрежесінің 18 тармағын көрсетеді. Автордың пайымдауынша, оқытушының өзін-өзі ашуы оқушылардың түрткілері болып та-



былатын қарым-қатынастар, ақталу және жағымпаздықпен тығыз байланысты. Ал келесі мәселеде зерттеуші оқытушының өзін-өзі ашуды сыныптан тыс қарым-қатынас, оқушылардың қызығушылығы мен танымдық оқытудың маңыздылығы мен әсеріне байланысты болады дейді (Cayanus & Martin, 2004). K.D. Williams және A.B. Frymier (2007) еңбегінде де аудиториядан тыс қарым-қатынас студенттерге жағымды әсер ететіндігі анықталғанымен, ол студенттер арасында жиі болмайды. Олардың пікірінше, оқуға бағдар қарым-қатынас түрткілерімен оң байланыста болады, ал аудиториядағы бағдар сылтаулар мен жағымпаздық түрткілерімен тығыз байланысты. Сондықтан жағымпаздық орын алмау үшін мәселе мен мүддеден тыс қарым-қатынас, адамдардың қызығушылығы мен танымдық көрсеткіші маңызды деген пікірге келеміз.

M.M. Martin, J.L. Cayanus, K. Weber және A.K. Goodboy (2009: 91-111) студенттердің оқытушыларымен қарым-қатынасындағы бес түрткіні айтады: реляциялық (мен оқытушыларымды жақсы білгім келеді), функционалды (менің тобыма қатысты ақпаратты алуым керек), қатысу (мен тақырыпқа қатысқым келеді), сылтаулар (мен өз жұмысымды оқытушыға түсіндіруім керек) және жағымпаздық (нұсқаушы тиімді оқытушы екен деп ойлайды деген әсер қалдыру). Жағымпаздық негізінде сөйлескен, бірақ функционалды емес түрткідегі студенттер алаңдаушылықтың төмендігін, құрдастарына қысымның жоғары деңгейі туралы хабарлаған.

Жағымпаздықты «кәсіпқойлық» тұрғысында да қарауға болады. B. Vaidyanathan (2012) еңбегінде көрсетілгендей, «кәсіпқойлық» басқарушылықтың бақылау құралы ретінде сынға алынады және оның мағынасының даулы және ситуациялық сипаты бұл тетікті әлсіретуі ықтимал. Кәсібилік басшылар мен қызметкерлер үшін міндетті идеалды қасиет. Кәсіпқойлыққа басшылардың теріс қылықтары, сыбайлас жемқорлық, жағымпаздық пен немқұрайлылық ықпал етуі мүмкін.

Әкімшілік мәдениет және сыбайлас жемқорлықтың ауқымы деңгейінде жағымпаздықтың ықтимал байланыстарын іздеуге болатын секілді. S.T.M. Naque және S. N. Mohammad (2013) төрт мәдени өлшем негізінде әкімшілік мәдениет пен сыбайлас жемқорлық арасындағы байланысты іздейді: билік қашықтығы; белгісіздіктен аулақ болу; ұжымшылдыққа қарсы индивидуализм және жұмсақтыққа қарсы қатыгездік. Белгісіздіктен аулақ болудың жоғары

деңгейі және салыстырмалы түрде жоғары ұжымшылдық сыбайлас жемқорлықты әкімшілік мәдениетке енгізіп, жағымпаздық деңгейін жоғарылатады.

D.J. D'Amico (2018) ежелгі грек құқығындағы жағымпаздық терминінің тарихи дамуын мысал ретінде қарастырады. Оның ойынша, жағымпаздық қазіргі тілде салыстырмалы түрде бәріміз үйренген кемсіту сөз болғанымен, терминнің этимологиялық түбірі Афина Грециясындағы ежелгі құқықтық және институционалды өзгерістерді қалыптастыру процесіне барып тіреледі. Солон кезіндегі мемлекеттік билік аясын кеңейткен нақты құқықтық реформалар нәтижесінде азаматтар жаңадан енгізілген мемлекеттік заңдарды бұзушылар туралы хабарлауға нақты қаржылық ынталандыру алды. Осыдан кейін үшінші тұлғалардың заңды өкілдігіне қатысты әлеуметтік таңба (стигма) жағымпаздық терминін қоғамдық игілікке жеке мүдделермен негізделген прокурорларға қатысты қолданды. Жоғалған әлеуметтік мәртебе және ресми қылмыстық жаза жағымпаздарды ынталандыру арасындағы айырмашылықтардың орнын толтыра бастады.

#### **Adulation ұғымындағы түсініктер**

Жалпы базадан Adulation кілт сөзі арқылы 27 әдебиет табылды. Зерттеу нысанына сәйкес 5 әдебиетке ерекше мән берілді. Сонымен қатар, ұғымның алғашқы пайдаланылуы бойынша деректерді Oxford University Press шығаратын Notes and Queries журналынан байқадық. Бұл тұста ұғымды табынушылық деп те балама аудармасын ұсынуға болатын секілді. Мәселен, Буонапартеге жағымпаздық (табынушылық) (Hughes, 1865); ерекшелікке жағымпаздық (табынушылық) – жалпы 6 материал жарияланған (Thornton, 1896); Патшайым Елизаветаның жағымпаздығы (табынушылығы) – жалпы 3 материал жарияланған (Wainwright, 1914) сынды материалдар бар.

Оңтүстік Үндістан саясаткерлерінің фильмдері мен қойылымдарындағы жағымпаздық саясатын талдаған еңбегінде S. Dickey (1993) кино мен саясаттың өзара байланысының ұзақ тарихы бар екендігін дәйектейді. Партиялар мен қозғалыстар фильмдерді үгіт-насихаттың формаларына айналдырып, оларға саяси идеологияларды, символдар мен аллегорияларды енгізген. 1960 жылдардың соңынан бастап аз ашық саяси фильмдер түсірілгеніне қарамастан, киноны саяси көпір ретінде пайдалану қазіргі уақытта да, ең

тұрақты түрде Тамилнад штатында сақталған. Мұнда соңғы бес бас министр киноға қатысы болған. Сонымен қатар, фильмдер танымал кино жұлдыздарын көрермендер қолдайтын белгілі жағдайлар үшін ғана емес, басқа типтегі көшбасшылар үшін де жаттығу алаңы ретінде қызмет ететіндігін айқындайды. Мұнда автор бұл көшбасшыларды жұлдызға деген жағымпаздығы арқылы беделге қол жеткізетін адамдар деп баға береді. Жағымпаздық қызығушылық пен материализмнің үйлесімінде пайда болатындығына мән беріледі. Саяси өрлеу жағымпаздық саясатынан басталып, бастапқы мақсат ең алдымен өзін емес, батыр кейпіндегі бейнесін алға жылжытудан тұрады. Дегенмен, партиялық аппарат арқылы саяси өрлеуді жағымпаздық емес, жанашырлық саясат деп атайды.

E.L. Khalil (2019) Адам Смит теориясына және ұмтылыс пен мүдделер арасындағы айырмашылықты талдау арқылы ауқаттылар мен ықпалды адамдарға жағымпаздықты айқындайды. Автордың пайымдауынша, ауқаттылар жағымпаздығының қайнар көзі ізгілікте болмауы мүмкін. Осы себептерге байланысты ғалым жағымпаздықты мейірімділіктен алшақтататын өлшемдерді іздейді. Бұл зерттеуде ол бұл өлшем қызмет тиімділігінің кіріс жиынтығында екендігі бекітіледі. Бұл жиынтыққа тек мүдделер, яғни тауарлар мен ресурстар жиынтығының ену ықтималдығы баяндалады. Олай болса, өнім ізгілікке жатады. Дегенмен, жиынтық ұмтылысты қамтып, кейбір ойдағы жоғары мәртебеге жетуді қаласа, өнім жағымсыздыққа айналатындығы дәлелденеді. Ізгілік пен жағымпаздық арасындағы айырмашылықтың негізі ретіндегі мүдделер мен ұмтылыстың айырмашылығы маңызды тиімділікті иеленеді. Жоғары дәрежеге бас июдің пайда болуы және соның салдарынан туындайтын саяси тәртіптің тұрақтылығы тек мүдделерден ғана емес, ұмтылыстардан туындайтын үлес ретінде ізденіс қажет. Демек, жағымпаздықтың артында белгілі бір мүдде емес, адамның ұмтылысы болуы мүмкін.

Корей Халық Демократиялық Республикасының (КХДР) дипломатиялық тарихы Корея Республикасымен капиталистік бәсекелестіктің коммунистік парадигмасына қарсы тұру контекстіндегі «қырғи-қабақ соғыс» саясатымен тығыз байланысты екендігі белгілі. N. Kerkhoff (2020) Солтүстік Кореяның «қосылмау» қозғалысы аспектісін қарастыру барысында жағымпаздықтан маргиналдануға өтуді талдайды. Автордың пікірде берген тұжырымдамасына

сөйкес, жағымпаздық маргиналдануға әкелуі мүмкін. Әлеуметтанулық құбылыс болып табылатын аталмыш түсінік адам психикасында жағымсыз із қалдырып, азаматтық қоғамға соққы беретіні анық. Маргиналдану арқылы жағымпаздық адамдар арасындағы дәстүрлі байланыстарды ажыратып қана қоймай, әдеп нормалары мен құндылықтарды бұрмалайды. Демагог әрі авантюрист адамдар қоғамда қалыптаса түседі.

J. Mehlman (1986: 3-4) жазу мен жағымпаздық, оның ішінде әдеби жағымпаздық саясатын талдаған еңбегінде жазудың саяси зұлымдығы, әдеби жағымпаздық саясаты логоцентризмнің негізгі қағидалары екендігін айтады. Бұл еңбекте де автор маргиналдық туралы ой қозғайды (Mehlman, 1986: 8).

B. Py (2013) өз еңбегінде сарапшылар арасында жағымпаздықтың болу мүмкіндігін талдайды. Ол сарапшы фактілерді талдау бойынша маман ретінде шынайы нәтижелерді ұсынып, мүмкін немесе мүмкін емес қорытындыларды ұсынатындығын айтады. Сарапшы себеп пен салдардың тізбегі қандай болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Ол ғылыми шындықты айтады. Сондықтан сарапшының әлеуетін, мақсаты мен еңбегіне төленетін ақысын ескере отырып, оның жұмысына күмән келтіруге болатындығын айтады.

### Қорытынды

Адами құндылықтарға сай келмейтін жағымпаздықты қазіргі қоғамның дерті деп айтуымызға болады. Мүмкін қателесіп те отырған шығармыз, жағымпаздық қазіргі қоғамдағы дамудың негізгі құралы шығар? Дегенмен, көпшілік осы жағымпаздықсыз мансапқа жету мүмкін емес деп санайды. Расында да осы жағымпаздық салдарынан кез келген ортадағы ахуал нашарлайды, басшы шынайылық не екенін ұмыта бастайды.

Жоғарыда айтылып кеткендей, жағымпаздық ұғымына қатысы бар синонимдес түсініктер өте көп. Мұны ағылшын тіліндегі баламаларды салыстыру кезінде байқадық. Ең бірінші көзге түсетіні – антикалық кезеңде жағымпаздық демократиялық дамуға тежеу болған. Бұл мәселе біздің қазіргі қоғам да бар екені анық. Шамадан тыс демагогия, мақтанышқа құрылған популизм демократиялық дамуға кедергілер келтіреді.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, жағымпаздық белгілері шығармашылық жұмыстарда, ғылыми сараптамалық жұмыстарда болуы ық-

тимал. Бұл тұста тапсырыспен жазылатын сараптамалық жұмыстарды айтуымызға болады. Ақпараттық технологиялар дамыған кезеңде барлығымыз әлеуметтік желілерді қолданып келеміз. Осы әлеуметтік желілерден де жағымпаздық белгілерін көреміз: арнайы түрлі форматтағы посттар жаздырту; посттарға жағымды пікірлер қалдыруды, репост жасауды жаппай ұйымдастыру және т.б.

Осы жағымпаздық салдарынан басшы мен қарапайым қызметкерлер арасындағы кәсібилік деңгейі туралы түсініктер ауытқып кетуі мүмкін. Кәсіби деңгейі жоғары қызметкер жағымпаздықты таңдамаса, ол сол қызмет сатысында жылдар бойы қалу қаупі де бар. Сонымен қатар, басшыға қатысты мәселенің екінші жағы бар. Мәселен, бұрын қызметтес болған әріптес бір кездесуде жақсы пікір білдіруі жағымды құбылыс екені белгілі. Ұзақ уақыттан кейін Сіздің қазіргі қызметіңізге қатысы жоқ адамның жағымды айтылған пікірінің шынайы екендігіне ешкім қарсылық білдіре қоймас. Сондықтан басшының әр қызметкерге қатынасының салдары оның әрекетіне ықпал етеді. Егер қызметкерді мақ-

тау орын алып, оның шынайылығы байқалса, алдағы жұмыстар да осы шынайылықпен жүзеге асады.

Ғалымдардың бір бөлігі жағымпаздықта маргинальданудың белгілері бар деп те дәйектейді. Көп жағдайда олар «жүйеден тыс» адамдар ретінде сипатталады. Расында да ұғымды маргинальданудың түрі ретінде сипаттау барысында жағымпаздарды қоғамнан оқшауланған және рухани «кедей» азаматтар деуімізге болады. Маргинальдануды өзін-өзі қамтамасыз ете алмау әлеуметтік тетігі негізінде түсіндірсек, бұл тұста жағымпаздарды өз мүддесі үшін құндылықтарға мән бермейтіндігін ескереміз. Маргинальданған азаматтарда экономикалық ресурстардың жеткіліксіздігі байқалатын болса, жағымпаздарда материалдық кемшіліктердің орнын толтыру үшін өз мінез-құлқындағы кемшіліктерін мойындамайтындығын байқау қиын емес. Дегенмен, жағымпаздыққа салынған азаматтар уақыт өте келе қоғамнан бөлінгенін және осы жағымсыз қасиеттердің сақталғанын байқайтыны анық. Жағымпаздық тұрақты қасиет болып табылады деп ойлаймыз және қоғамның дамуы мен өзгерісіне ықпал жасайды.

#### Әдебиеттер

- Atkins, G.D. (2005). *Tracing the essay: Through experience to truth*. University of Georgia Press. – 180 p.
- Bridgen, A.J. (2017). "Patronage, punch-ups, and polite correspondence: The radical background of James Woodhouse's early poetry." *Huntington Library Quarterly*, 80(1), 99-134.
- Brix, V.H. (1982). "Current social problems analysed by control and systems theory." *Kybernetes*, 11(3), 167-174.
- Cayanus, J.L., & Martin, M.M. (2004). "An instructor self-disclosure scale." *Communication Research Reports*, 21(3), 252-263.
- Christ, M.R. (1992). "Ostracism, sycophancy, and deception of the demos: [Arist.] *ath. pol.* 43.5." *The Classical Quarterly*, 42(2), 336-346.
- Cohen, D. (2005). *Crime, punishment, and the rule of law in classical Athens*. In Gagarin M., Cohen D. (eds.), *The Cambridge Companion to Ancient Greek Law* (pp. 211-235). Cambridge University Press. – 496 p.
- Connors, C. (2004). "Monkey business: Imitation, authenticity, and identity from Pithekoussai to Plautus." *Classical Antiquity*, 23(2), 179-207.
- Cornish, W.R. (1992). "Comparative advertising: Denigration and sycophancy." *The Cambridge Law Journal*, 51(2), 231-233.
- D'Amico, D.J. (2018). "The law and economics of sycophancy." *Constitutional Political Economy*, 29(4), 424-439.
- Danner, B. (2010). "Retrospective fiction-making and the "secrete" of the 1591 Virgils Gnat." *Spenser Studies*, 25, 215-245.
- Dickey, S. (1993). "The politics of adulation: Cinema and the production of politicians in South India." *The Journal of Asian Studies*, 52(2), 340-372.
- Elliott, C., & Northfield, R. (2015). "One2ten." *Engineering and Technology*, 10(5), 56-59.
- Goodboy, A.K., & Martin, M. M. (2014). "Student temperament and motives as predictors of instructional dissent." *Learning and Individual Differences*, 32, 266-272.
- Haque, S.T.M., & Mohammad, S. N. (2013). "Administrative culture and incidence of corruption in Bangladesh: A search for the potential linkage." *International Journal of Public Administration*, 36(13), 996-1006.
- Hove, C. (1991). "Zimbabwe: One state, one faith, one lord." *Index on Censorship*, 20(6), 32.
- Hughes, J. (1865). "Adulation of *buonaparte*." *Notes and Queries*, s3-VII(168), 228.
- Islam, A. (2021). "Pan-Islamic international cooperation and anticolonialism: South Asia, Turkey and Southeast Asia." *Hamdard Islamicus*, 44(1), 9-28.
- Jha, S.K. (2018). "Challenges and impediments in engineering education: Remedies." *Journal of Engineering Education Transformations*, 2018(Special Issue), 1-8.
- Kerckhoff, N. (2020). "North Korea and the non-aligned movement: From adulation to marginalization." *Journal of American-East Asian Relations*, 28(1), 41-71.

- Khalil, E.L. (2019). "Is the adulation of the rich-and-powerful derived from benevolence? Adam Smith and the distinction between aspiration and interests." *Critical Horizons*, 20(4), 285-304.
- Kitchell, K.F. (2017). "Animal Literacy" and the Greeks: Philoctetes the hedgehog and dolon the weasel. In Fögen T., Thomas E. (eds.), *Interactions between animals and humans in Graeco-Roman Antiquity* (pp. 183-203). De Gruyter. 498 p.
- Klein, J. (2010). "Deržavin: Truth and sincerity in panegyric poetry." *Zeitschrift für Slavische Philologie*, 67(1), 27-50.
- Lee, E.-J. (2021). Human rights and a "garden" of human community in the post-globalization era. In Meyer T., de Sales Marques J.L., Telò M. (eds.), *Towards a New Multilateralism: Cultural Divergence and Political Convergence?* (pp. 170-182). Taylor and Francis. 248 p.
- Martin, M.M., Cayanus, J.L., Weber, K., & Goodboy, A.K. (2009). College students' stress and its impact on their motivation and communication with their instructors. In Elsworth D. H. (ed.), *Motivation in Education* (pp. 91-111). New York: Nova. 221 p.
- Martin, M.M., Myers, S.A., & Mottet, T. P. (1999). "Students' motives for communicating with their instructors." *Communication Education*, 48(2), 155-164.
- Mehlman, J. (1986). "Writing and deference: The politics of literary adulation." *Representations*, 15, 1-14.
- Mutonya, M. (2004). "Praise and protest: Music and Contesting Patriotisms in Postcolonial Kenya." *Social Dynamics*, 30(2), 20-35.
- Myers, S.A. (2017). "A longitudinal analysis of students' motives for communicating with their instructors." *Communication Education*, 66(4), 467-473.
- Ndaguba, E., Ijeoma, E.O.C., Nebo, G.I., Chungag, A.C., & Ndaguba, J.D. (2018). "Assessing the effect of inadequate service provision on the quality of life of the poor: A focus on justice and education in Nigeria." *Cogent Social Sciences*, 4(1), 1-16.
- Py, B. (2013). "Expert: Job, function, adulation." *Medecine et Droit*, 2013(120), 53-56.
- Robinson, O.F. (2008). The role of delators. In Cairns J. W., du Plessis P. J. (eds.), *Beyond Dogmatics: Law and Society in the Roman World* (pp. 206-220). Edinburgh University Press. 223 p.
- Sesanti, S. (2010). "The concept of 'respect' in African culture in the context of journalism practice: An afrocentric intervention." *Communicatio*, 36(3), 343-358.
- Tangem, D.F. (2018). "Postcolonial governance and social strife: A social semiotic reading of Wole Soyinka's a play of giants and Butake's Dance of the Vampires." *Journal of Social Sciences Research*, 4(8), 109-115.
- Thornton, R.H. (1896). "Adulation extraordinary." *Notes and Queries*, s8-X(243), 152.
- Vaidyanathan, B. (2012). "Professionalism 'from below': Mobilization potential in Indian call centres." *Work, Employment and Society*, 26(2), 211-227.
- Wainwright, J.B. (1914). "Adulation of Queen Elizabeth." *Notes and Queries*, s11-X(238), 48.
- Williams, K.D., & Frymier, A.B. (2007). "The relationship between student educational orientation and motives for out-of-class communication." *Communication Research Reports*, 24(3), 249-256.